

Моноқалаларды дамытудың 2012 - 2020 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде моноқалаларда кәсіпкерлікке микрокредит беру үшін облыстық бюджеттерге кредит берудің 2014 жылға арналған негізгі шарттарын белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 6 мамырдағы № 462 қаулысы

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 180-бабына, «2014 – 2016 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2013 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына және «2014 – 2016 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 12 желтоқсандағы № 1329 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Моноқалаларды дамытудың 2012 – 2020 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде моноқалаларда кәсіпкерлікке микрокредит беру үшін облыстық бюджеттерге кредит берудің 2014 жылға арналған негізгі шарттары белгіленсін.

2. Тиісті мәслихаттар 2014 жылға арналған облыстық бюджеттерде тиісті түсімдерді көздейтін шешімдер қабылдағаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде облыстардың жергілікті атқарушы органдары мәслихаттардың көрсетілген шешімдерін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне берсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) облыстардың жергілікті атқарушы органдарымен кредиттік шарттар жасасуды;

2) бюджеттік кредиттердің мақсатты пайдаланылуын және республикалық бюджетке уақтылы қайтарылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Облыстардың жергілікті атқарушы органдары тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне және Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігіне бюджеттік кредиттерді игеру туралы ақпарат берсін.

5. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Моноқалаларды дамытудың 2012 – 2020 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде моноқалаларда кәсіпкерлікке микрокредит беру үшін 2014 жылға бөлінген бюджеттік кредиттердің игерілуіне мониторингті қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігіне жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

№

4 6 2

қосымша

Қ а з а қ с т а н

К. Мәсімов

Р е с п у б л и к а с ы

6

м а м ы р д а ғ ы

қ а у л ы с ы н а

**Моноқалаларды дамытудың 2012 – 2020 жылдарға арналған
бағдарламасы шеңберінде моноқалаларда кәсіпкерлікке микрокредит
беру үшін облыстық бюджеттерге кредит берудің 2014 жылға
арналған негізгі шарттары**

1. Облыстардың жергілікті атқарушы органдарына (бұдан әрі–қарыз алушы) кредиттер беру үшін мынадай негізгі шарттар белгіленеді:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 мамырдағы № 683 қаулысымен бекітілген Моноқалаларды дамытудың 2012 – 2020 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде моноқалаларда кәсіпкерлікке микрокредит беру үшін 2014 жылға «2014 – 2016 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2013 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңында және «2014 – 2016 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 12 желтоқсандағы № 1329 қаулысында көзделген 1 908 813 000 теңге (бір миллиард тоғыз жүз сегіз миллион сегіз жүз он үш мың) сомадағы кредиттер қарыз алушыға 5 (бес) жыл мерзімге 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) сыйақы мөлшерлемесі беріледі;

2) кредиттерді игеру кезеңі кредитордың шотынан кредиттер аударылған сәттен бастап есептеледі және 2019 жылғы 28 ақпанда аяқталады.

2. Кредиттерді беру, өтеу және қызмет көрсету жөніндегі қосымша шарттар Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес кредиттік шартта белгіленеді.